

2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 4 маусымдағы № А-6/157 қаулысы. Ақмола облысы Ақкөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 1 шілдеде № 1-3-111 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 19 ақпандағы № А-2/43 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімдігінің 2010.02.19 № А-2/43 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8-ші шілдедегі «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі № 543 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 Жарлығын іске асыру туралы» қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Ақмола облысы Ақкөл ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) арқылы 2009 жылдың сәуір – маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру кестесі бекітілсін (1 қ о с ы м ш а ғ а с ә й к е с) .

3. Әскерге шақыру кезіне аудандық шақыру комиссиясы құрылсын (2 қ о с ы м ш а ғ а с ә й к е с) .

4. Ауыл, ауылдық (селолық) округтердің және Ақкөл қаласының әкімдері, ұйымдардың басшылары әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларға «Ақмола облысы Ақкөл ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі»

мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) шақырылуын хабарлап, уақытылы түрде келуін қамтамасыз етсін.

5. «Қазақстан Республикасының Ішкі істер Министрлігі Ақмола облысының Ішкі істер департаменті Ақкөл ауданының Ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) шақырудан жалтарушы әскерге шақырылушыларды жеткізуді, сонымен қатар әскерге шақырылушыларды әскери бөлімдерге жөнелту кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етсін.

6. Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Ақкөл аудандық емханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (келісім бойынша) азаматтарды тіркеу және оларды әскери қызметке шақыру кезінде медициналық куәландырудан өткізуді, қажет жабдықтармен, дәрі-дәрмектермен, медициналық және шаруашылық мүлікпен қамтамасыз етсін.

7. Ақкөл ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 3 сәуірдегі «1981-1990 жылы туған азаматтарды 2008 жылғы сәуір-маусым, қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды қамтамасыз ету және ұйымдастыру туралы» № А-4/122 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 1-3-89 нөмірімен тіркелген, аудандық «Ақкөл өмірі» және «Знамя Родины KZ» газетінде 2008 жылғы 30 мамырда жарияланған), Ақкөл ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 10 шілдегі «Ақкөл ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 3 сәуірдегі № А-4/122 «1981-1990 жылы туған азаматтарды 2008 жылғы сәуір-маусым, қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» № А-7/216 қаулысына толықтыру енгізу туралы» қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 1-3-92 нөмірімен тіркелген, аудандық «Ақкөл өмірі» № 35 (122) және «Знамя Родины KZ» № 35/81 газетінде 2008 жылғы 29 тамызында жарияланған), Ақкөл ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 3 қыркүйектегі «Ақкөл ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 3 сәуірдегі № А-4/122 «1981-1990 жылы туған азаматтарды 2008 жылғы сәуір-маусым, қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» қаулысына өзгерту енгізу туралы № А-9/244» қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 1-3-95 нөмірімен тіркелген, аудандық «Ақкөл өмірі» № 41 (128) және «Знамя Родины KZ» № 41/87 газетінде 2008 жылғы 10 қазанның жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

8. Аудан әкімдігінің осы қаулысы 2009 жылғы 17 сәуірден бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р.М. Қанатоваға жүктелсін.

10. Осы қаулы Ақкөл ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі
КЕЛІСІЛДІ:

А. Үйсiмбаев

мекемесiнiң бастығы

«Ақмола облысы Ақкөл ауданының Қорғаныс істері жөнiндегi бөлiмi» мемлекеттiк Нұрмағамбетов К.Т.

бас дәрігері

Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Ақкөл аудандық емханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Бердiмұратова Ш.Қ.

мемлекеттік мекемесінің бастығы

«Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының Ішкі істер департаменті Ақкөл ауданының Ішкі істер бөлiмi» Сәрсембаев Ж.А.

Ақкөл ауданы әкімдігінің
2009 жылғы 4 маусымдағы № А-6/157
қаулысымен бекітілген
1 қосымша

Мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды өткізу КЕСТЕСІ

№ р / с	Қала және ауылдық округтердің атауы	Шақыру комиссиясына келу күндері					
		сәуір	мамыр	маусым	қазан	қараша	желтоқсан
1.	Ақкөл қаласы	17-23	-	-	1-7	-	-
2.	Новорыбинка	24	-	-	8	-	-
3.	Урюпинка	-	1	-	15	-	-
4.	Наумовка	29	-	-	13	-	-
5.	Кеңес	30	-	-	14	-	-
6.	Еңбек	28	-	-	12	-	-
7.	Минск	-	6, 8	-	20-22	-	-
8.	Жалғыз-қарағай	-	4	-	16	-	-

9.	Азат	-	5	-	19	-	-
10.	Искра	-	7	-	21	-	-
11.	Қырыққұдық	-	11	-	23	-	-
12.	Бөгенбай	-	12	-	26	-	-

Ақкөл ауданы әкімдігінің
2009 жылғы 4 маусымдағы № А-6/157
қаулысымен бекітілген
2 қосымша

Шақыру комиссиясының ҚҰРАМЫ

Нұрмағамбетов Келден Төлегенұлы	«Ақмола облысы Ақкөл ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы, шақыру комиссиясының төрағасы, (келісім бойынша)
Ахметқалиева Мәдина Шайыхқызы	«Ақкөл аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы, шақыру комиссиясы төрағасының орынбасары
Комиссия мүшелері:	
Досжанов Болат Қаметұлы	«Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының Ішкі істер департаменті Ақкөл ауданының Ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары, (келісім бойынша)
Жүнісова Гүлбаршын Қашанқызы	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Ақкөл аудандық емханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының терапевт-дәрігері, медициналық комиссияның төрағасы, (келісім бойынша)
Роппель Любовь Поликарповна	Ақмола облыстық денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Ақкөл аудандық емханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының медбикесі, шақыру комиссиясының хатшысы (келісім бойынша)